

Мырзатаева З.Б.¹

*¹Абай атындағы ҚазҰПУ Қазақстан тарихы кафедрасының
қауымдастырылған профессор м.а., т.ғ.к.,
Қазақстан, Алматы қ., E-mail: zabyra73@mail.ru*

ТАРИХИ ЖАД

Аңдатпа

Автор мақалада, тарихи жад ұғымына теориялық талдау жасайды. Сонымен байланысты тарих ғылымының әлеуметтік қызметінің – әлеуметтік жад қызметінің қоғам мен жеке тұлға арасындағы бірегейлікті ұйытушы ретіндегі орнын түрлі көзқарастар мен ғылыми тұжырымдар негізімен көрсетеді. Автор жұмыс мазмұнын ашуда отандық зиялы өкілдері Құрбанғали Халидтың, ұлт ұстазы, ағартушы А.Байтұрсынның және шетелдік көрнекті философ, әлеуметтанушы Морис Хальбвакс, Дж.Коллингвуд, Пьер Нора, мәдениеттанушы Ян Ассман т.б. ғалымдардың еңбектеріне сүйенеді. Ғалымдар еңбектеріндегі бүгінге дейін өзектілігін жоймаған мемлекеттік маңызы жоғары идеяларын жан жақты баяндайды.

Жұмыс ҚР БҒМ (ПЦФ)¹ «Ұлы Дала тарихы мен мәдениеті» (2018-2020) атты мемлекеттік бағдарламасы аясында орындалды.

Кілт сөздер: тарихи жад, тарих, есте сақтау мәдениеті, бірегейлік, пәнаралық тоғыстағы зерттеу әдістері.

Myrzatayeva Zabira¹

*¹Senior lecturer of Department of History, Institute of History and Law.
Abay Kazakh National Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.*

HISTORICAL MEMORY

Abstract

This article discusses various approaches to understanding the term "historical memory", as well as the meaning of historical memory in modern Kazakhstan society. The growing interest in the past and the phenomenon of collective memory has led to a broader discussion as an important element of the interaction of individual and social consciousness with the past. In revealing the content of the problem, the author relies on the works of domestic and foreign scientists-philosophers, sociologists, historians and cultural scientists such as Kurbangali Khalid, A. Baitursynov and Maurice Halbwachs, John.Collingwood, Pierre Nora, Jan Assman, et al.

The work was carried out within the framework of the state program of the MES "History and culture of the great Steppe" (2018-2020).

Keywords: historical memory, history, remembering culture, identity, interdisciplinarity.

З.Мырзатаева¹

¹ ПЦФ – проект целевого финансирования (арнайы қаржыландырылған жоба): «Ащысай-Кентау тұрғындарының әлеуметтік-мәдени бірегейлігі. 1927-XX ғ.б.»

¹к.и.н., и.о. ассоциированного профессора кафедры истории Казахстана
Казахского национального педагогического университета имени Абая,
город Алматы, Казахстан.

ИСТОРИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ

Аннотация

В данной статье рассматриваются различные подходы к пониманию термина «историческая память», а также значение исторической памяти в современном казахстанском обществе. Рост интереса к прошлому и феномену коллективной памяти способствовал более широкому обсуждению как важного элемента взаимодействия индивидуального и общественного сознания с прошлым. В раскрытии содержания проблемы автор опирается на труды отечественных и зарубежных ученых-философов, социологов, историков и культурологов как Курбангали Халид, А. Байтұрсынов и Морис Хальбвакс, Дж.Коллингвуд, Пьер Нора, Ян Ассман и др.

Работа выполнена в рамках государственной программы МОН РК «История и культура Великой Степи» (2018-2020).

Ключевые слова: историческая память, история, помнящая культура, идентичность, междисциплинарность.

Бүгінде тарихи жад - гуманитарлық ғылым салаларының өзекті жібіне, ортақ зерттеу нысанына айналды. Адамзат дамуының барлық кезеңінде тарихшылар жад мұрағатын басшылыққа алған. Кез-келген адам, қоғам, мемлекет алға ұмтылуда тарихи тәжірибеге сүйенеді. Мысалы жадта өткен өміріміздің барлық кезеңдері сақталады. Сондықтан да «Мен кімін?» және қайда барамын деген сауалға тарихи жад шеңберінде жауап айта аламыз. Сол сияқты ұлт, мемлекет те өткенін ұмытуға тиіс емес, басқаша жағдайда ұлт өзінің тарихи тамырынан айрылу, өзін-өзі тану қабілетінен айрылу қаупіне ұрынады. Ал бұл мемлекеттің болашағы жоқ дегенді білдіреді. «Жалпы, тарихи жад жол көрсетуші карта сияқты, - дейді тарихшы Линн Абрамс [1], - әрі қарай ол, - жад қоғамның қайдан шығып қайда бет алғанын көрсетуші құрал сияқты», - деген ойды айтады. Расында тарихи жад тек өткен өмірімізді тану үшін ғана емес, қазіргі және алдағы өмірімізді бағдарлау үшін де маңызды. Міне сондықтан тарихи жад мемлекеттік саясатқа айналуы тиіс. Тарихи жадты қалыптастыру аса күрделі процесс. Әсіресе посткеңестік қоғамнан шыққан елдер үшін оңай емес. Сол себепті қоғамда мемлекеттік бірегей тарихи сана қалыптастыруда мектеп, жоғары оқу орындары, бұқаралық ақпарат құралдары тұтас жұмыла ат салысқанда жемісін бермек.

Аталған мәселеге арналған европалық көрнекті философ, әлеуметтанушы, тарихшы ғалымдардың тамаша ғылыми-теориялық зерттеулері бар. Алайда, ұлт зиялыларының қазіргі ғылымның жаңа сұраныстарына лайық теориялық тұжырымдарына тоқталғанды жөн көрдім. Қазақ қоғамы - өткенін жадта сақтау және оны келер ұрпаққа жеткізуде бай тәжірибесі бар халық. Халықтың ғасырлар бойғы қуанышы мен қайғысы ауыздан-ауызға шежірелер, тарихи әңгімелер, жырлар және дастандар жанрында жеткен. Ортағасырлық және жаңа заман тарихшылары жад мұрағатының бұл дереккөздерін (Мұхаммед Хайдар Дулати, Өтеміс қажы, Қадырғали Жалайыри, Шоқан Уәлиханов, Құрбанғали Халид, Мәжһүр-Жүсіп Көпейұлы, Әлкей Марғұлан және басқа да) өз еңбектерінде кеңінен пайдаланған.

Мысалы Құрбанғали Халид (1846-1913 жж.) «Тауарих хамса» еңбегін даярлағанда қоғамның жад мұрағатына ерекше басымдық бергенін, «бар күш-қайратымен оған жиырма жыл уақытын кетіргенін», - хабарлайды, ол, - «қазақтың бұрынғы ақын-жырауларының, шежірешілерінің данышпан билері мен ақсақалдарының қатары сиреп, елдің рухани әлемінің әлсіреп бара жатқанын» [2, 6], - айтып толғанады. Бұл, яғни, аға-буын өкілдерінің жад мұрасынан айрылу - тұтас ұлт мұрағатын жоғалтумен тең деген ойды білдіретін еді, сондай-ақ, келер ұрпақ санасындағы мемлекетшілдіктің әлсіреуіне алаңдаушылық білдіретінін байқатады.

Қазақтың тіл, тарих, әдебиет ж.б ғылымдарының өрісін кеңейтуде зор серпіліс жасаған Ахмет Байтұрсынов тарих ғылымының пәнаралық тоғыста жүргізілетін ерекшелігін, яғни оның басты өзегі қарапайым адамдар өміріне арналу қажеттігін атап өткен. Ол: «Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы тарих. Тарихтың қызметі - бүтін адам баласының яки бүтін бір жұрттың, өткен өмірін болған күйінде айнытпай айту. Тарихтың мақсаты - бүтін адам баласының өмірі нендей табиғат заңымен өзгеретінін білу. Тарихшылар халық басынан кешкен түрлі уақиғалардың мағлұматын

сымға тартқандай сынға салып, мінсіз етіп, дұрыстап өткізеді» дейді. Сонымен қатар ол «Бүкіл адам баласы дүниеде қандай өмір шеккенін сөйлейтін тарих - «Жалпы тарих», мәдениет жүзінде жүрген жолдарын баяндайтын тарих - «Мәдениет тарихы», ал мәдениеттің түрлі тараулары - «Тарих тармақтары» деп аталады. Мәселен, «шаруа тарихы», «ғылым тарихы», «өнер тарихы», «дін тарихы», «даналық тарихы», «әдебиет тарихы» тағысын тағы сондай тарихтар» [3, 123], - деген ғылыми ойы, «күнделіктілік», «әлеуметтік тарих», «интеллектуалды тарих», «экономикалық тарих» сияқты европалық тарихи білім жүйесіндегі ғылыми парадигмалармен дәл келеді.

Қазіргі таңда ғылым мен білімнің ерекше қарқын алуына байланысты жадты жасанды немесе электронды жад құралдары алмастыра бастады. Неміс египтологы, тарихшы-мәдениеттанушысы Ян Ассманның айтқанындай қоғам мәдени революция ғасырына аяқ басты [4]. Мәдени тарих жөніндегі ғылымның жаңа концепциялары жасалынды. Естеліктерді, айтылған тарихи әңгімелерді ендігі таңда тек жадта немесе мәтінде ғана емес, электронды жадта сақтауға мүмкіндік туды.

Соған сәйкес жад қызметінің Қазақстанда да тарих ғылымы саласында өзіндік орны қалыптасып келеді. Аға-буын өкілдерінің жадтағы бай мұраларын «айтылған тарих»² құралымен жинау және сақтау технологиясы жүйеге түсті. Балалық шақтары советтік жүйенің аумалы-төкпелі кезеңіне сәкес аға ұрпақтың басым көпшілігінің бүгінде естелік жазу мүмкіндігі жоқ. Сондықтан олардың биографиялық тарихын өз аузынан жазып алу сондықтан да тарихшылардың міндетті ісіне айналғаны абзал. Осы тұрғыда Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы Айтылған тарих ғылыми зерттеу орталығы 2014-2020 жылдар аралығында «Халық тарих толқынында» (2014-2016), «Ұлы Дала тарихы мен мәдениеті» (2018-2020) атты мемлекеттік бағдарламалар және басқа да тапсырыстық жобалар аясында жүздеген тарихи сұхбат материалдарын ҚР ОМА-ның аудио және видео материалдардан тұратын қорға тапсырды, орталықтың қорында да тарихи сұхбат материалдары мен арнайы жер аударылған поляк азаматтарының 20-ға жуық (500 беттей) естелік материалдары сақталған. Сонымен қатар көрсетілген мерзім ішінде Айтылған тарих ғылыми зерттеу орталығы отызға жуық кітаптар [5] – монографиялар, ғылыми жинақтар, оқу құралдары мен деректі видеофильмдерін даярлап үлгерді.

Қоғамдық сана және әлеуметтік құрылымның дамуы мәселелеріне алғаш рет назар аударған француздық философ, әлеуметтанушы, әлеуметтік психолог Морис Хальбвакс (1877-1945) тарихи жад жөнінде терең теориялық талдаулар жасайды. Ол жадты әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырады. Яғни, өткен өмірді субъектінің қабылдауымен реконструкциялау қашан да қоғаммен тікелей байланыста болады деп көрсетеді де, әлеуметтік ортадан оқшау қалған индивидте жад болмайды деген тұжырым айтады. Сондықтан жад тек ұжымдық негізде қалыптасады. Морис Хальбвакс өз еңбегінде бұл тұжырымын көптеген мысалдармен бекітеді. Мысалы жадынан айрылған адам өткен өміріне куә болатын ортаны таппаса, ол өзінің кім екенін ешқашан білмеген болар еді, деген ойды білдіреді. Расында адамның жады әлеуметтік ұжымдық сипат алады. Сондай-ақ ғалым жадтың қалыптасуында географиялық, әлеуметтік шеңберіне басымдық береді. Мысалы үй - отбасы үшін, ауыл - шаруалар үшін, қала - қалалықтар үшін, ел - жерлестер үшін делінетін ауқымдық және әлеуметтік ұжымдық топтарға бөле отырып, адам жадында естеліктер соған сәйкес қалыптасатынын айтады [6]. Расында жад жеке адамға ғана тиесілі сияқты көрінгенімен ол әлеуметтік ұжымсыз, өзі өмір сүрген ортаның қатысынсыз қалыптасуы мүмкін емес екеніне көз жеткіземіз.

Бұдан қорытатынымыз жад шеңбері негізінде елді бірегейлікке, ынтымаққа үндейтін мемлекеттік маңызды құндылықтардың орын алатынын айтқымыз келеді. Жад шеңбері түрлі тарихи орындар, уақыт пен кеңістікте өткен тарихи оқиғалар жөнінде де ақпараттар бере алады. Міне сол арқылы қоғам санасында жадты сақтау мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығы артпақ. Тарихи жад ұлттық және мемлекеттік бірегейлікті нығайтуда зор серпін беретін рухани құндылық. Тарихи жад – бірегейліктің кілті, онсыз біздің қоғамда орнымыз бос. Тарих ғылымында жаңа ой қорытудың қозғаушы күші оның методологиялық және методикалық құралдарына тікелей байланысты. Сол себепті әлем елдерінде гуманитарлық ғылымдардың зерттеу мүмкіндіктері ерекше артуда.

Шынын айтар болсақ, тарих ғылымына деген ерекше қызығушылық, болашағына алаңдаушылық европа елдерінде жүйелі қалыптасқан. Неміс тарихшысы Карл Беккердің (1777 - 1806): «тарих тәжірибесіне сүйенбейтін қоғам болмайды. Біздің қоғам тарихсыз өзінің бірегейлігін жоғалтады деп ойлайды; алайда тарихсыз қоғам жоспар құруға қабілетсіз деп айту дұрысырақ

² Айтылған тарих ғылыми-зерттеу орталығы проф. М.Қойгелдиевтің жетекшілігімен 2012 жылы Абай университетінде ашылған.

болар еді» [7], - деген тарихтың негізінде жатқан жад күдіреттілігін шебер жеткізеді. Яғни тарихи тәжірибеге сүйенудің нәтижесінде өзін-өзі сақтау шараларының мүмкін екендігі көрсетілген. Сондай-ақ, Францияның президенті Миттеран 1982 жылы министрлер кеңесінің мәжілісінде: «тарихына қызығушылық танытпайтын халық ол – бірегейлігін жоғалтып жатқан халық» [7,15], - деген пікірін білдіреді. Сондықтан жад және тарих мемлекеттің ортақ игілігі үшін қызмет жасайтын рухани күштер.

Тарих не үшін қажет делінетін сұраққа жауаптың негізгі өзегі жад, есте сақтау қажеттілігі айтылады. Бұл сұраққа көрнекті тарихшы Дж.Коллингвуд «өзінді-өзің тану үшін қажет»³ [8, 14], - деген тура және нақты айта келе, кәсіби тарихи зерттеушіге қойылатын қатаң талаптарды шебер талдауға алады. Нәтижесінде тарихшының ең басты міндеті - шынайылықты іздеу және оны табу деген түйін жасайды. Дж.Коллингвуд өз еңбегінде жад пен тарих арасын жақындататын мынадай ғылыми теориялық ойларын білдіреді: «XVII ғасырдың басында Ф. Бэкон өзінің білім картасын поэзия, тарих, философия делінетін үлкен үш саладан тұратынын мәлімдейді. Бұл өз кезегінде адам бойындағы рухтың үш түрлі қасиетімен басқарылады: елес, жад, сана» [8, 57], - дейді де, - автор жадтың тарих саласында алатын орнын ерекше атайды, тарих ғылымының басты міндеті халыққа өткен өмірді әрдайым еске түсіріп отыру (жадта бекіту), өткенді ұмытуға жол бермеу деген тамаша ойларын айтады.

Соған сәйкес жад және тарихи білім арасындағы қайшылықтарға да өз сыни пікірін білдіреді. Ол бұл екі ұғымның егіз ұғымдар емес екенін былайша көрсетеді: «жад - ол небәрі өткен өмір тәжірибесінің нысаны болып табылатын нақ қазіргі ойлар ағымы. Тарихи білім - бұл қазіргі уақыт пен өткен өмір арасындағы тұңғықты өткен өмірдің ойлары аясында емес, өткен өмір ойларын қазіргі таңдағы ойлармен жаңғырту, толықтыру болып табылады» [8, 385], - деген жаңа ой айтады. Яғни Коллингвуд үшін жад ол тарихи білім емес. Жад өткен өмір, ал тарих өткенді қорытудан тұратын қазіргі таңдағы ғылыми ойлар, ғылыми тұжырымдар деп көрсетеді. Нақ осы тұжырымды француз ғалымы Морис Хальбвакс та қолдайды, ол үшін тарих жад емес, жалпыға ортақ жад болмайды, тек топтардан тұратын ұжымдық жад болады. Хальбвакстің пікірінше жад пен тарих арасында сабақтастық орнайды. Өткеннің ізі көмескі тарта бастаған жерден тарих басталады дейді. «История начинается, как правило, только в той точке, где кончается и распадается социальная память. Сфера деятельности историка начинается там, где прошлое перестает быть «обитаемым», то есть там, где на него уже не претендует коллективная память живых групп. Собственно прошлым является для истории то, что находится за гранью, до которой простирается мышление актуально присутствующих групп. Похоже, история должна ждать, пока не исчезнут старые группы, пока не угаснут их мысли и их память; чтобы заняться установлением общей картины и последовательности фактов, которые только она одна способна сохранить [4, 46]». Міне бұл келтірілген үзіндіден тарих ғылымының және тарихшының функциясы кез келген тарихи оқиғаның, өткен өмірдің картинасын қоғам санансынан өшірмеу, оны сол қалпында, болған күйінде қайта жасап, халыққа жеткізу делінетін ойды байқай аламыз. Сондай-ақ, Анналдар мектебінің өкілі Марк Блок: «Мен «тарих – өткен өмір туралы ғылым» деген тұжырымды көп естимін. Меніңше бұл дұрыс емес, - «ибо, во-первых, сама мысль, что прошлое как таковое способно быть объектом науки, абсурдна. Как можно, без предварительного отсеивания, сделать предметом рационального познания феномены, имеющие между собой лишь то общее, что они не современны нам? Точно так же можно ли представить себе всеобъемлющую науку о вселенной в ее нынешнем состоянии?», - деп, жоғарыда айтылған ғалымдардың ойларын толықтыра түседі. Сондықтан бұдан қорытатынымыз тарих бүгінгі күннің еншісіне тиесілі ғылым саласы деуге негіз бар.

Ян Ассман жадтың тұтас мемлекетті сақтау, оның тұрғындары бірегейлігін нығайту, тарихи құндылықтарды болашаққа жеткізу сияқты идеялық және моральдық маңызы зор істерді атқаруда мықты қару бола алатынын тамаша ғылыми негізде баяндап берген. Ол жадты типіне қарай бірнеше түрге бөледі: миметикалық, заттай, коммуникативтік, мәдени. Соның ішіндегі коммуникативтік жад пен мәдени жад атаған екі үлкен категорияларға арнайы параграф арнаған. Коммуникативтік жад күні кешегі тарихи оқиға куәгерлерінің көрсетулерімен, яғни, Айтылған тарих құралымен алынатын сұхбат, сауалнама негізімен жетеді десе, мәдени жад - тарих айту дәстүрі негізімен жинақталатын естеліктер (мифтер, аңыздар, би, дәстүр ж.б.) болып табылады дейді.

³ Неміс философы Г.Люббенің (1926 ж.т., [Аурих](#) қ.): «идентичность - это ответ на вопрос о том, кто мы такие» деген фразасы Британ тарихшысы Дж.Коллингвудтың (1889 - [1943жж](#)) пікіріне қатты ұқсайды.

Европа мәдениетінде ежелден орын алған есте сақтау дәстүрі бар. «Нені ұмытпауға тиіспіз?» деген сұрақ оларда басты орын алды, ал бұл өз кезегінде бірегейліктің негізгі ұйытқысы болмақ. Өйткені қоғамның өзін-өзі тануы жағдайында «жадтың бір ортаға ұи» түсу процесі орын алатынына көз жеткіземіз. Есте сақтай білетін мәдениет «жадты, ортақтастықты құрушымен» істес бола алды. Әр халық өзін таңдаулы халық санайды, таңдаулы принципінен «есте сақтау мәдениеті» принципі пайда болады.

Жад мәселесіне ерекше назар аударған француз тарихшысы Пьер Нора жоғарыдағы ойларға жаңа серпін берді. Ол алғаш рет жадты физикалық заттармен, яғни «места памяти» немесе тарихи естелік орындарымен байланыстағы жадтың жаңа феномендік қырын ашып көрсетті. Ол «естеліктер орны – бұл біздің ұлттық тарихымыздың бір сәті болып табылады» деген орынды ойды айтты [9]. Осылайша ол өз еңбектерінде тарихи естелік орындарын өткеніміздің күрделі кезеңдерін айқындап беретін объект дейді. Қашанда мемлекеттің өткен ізін сақтау, келер ұрпаққа мұра ету мәдениеті қалыптасқан европалық елдерде жадта сақтау дәстүрінің бұл саласы шынында айтарлықтай ерекше.

Египет халқы «Адамға екскерткіш орнату – оның рақымшылдығының көрінісі» дейді екен. Яғни сауапты іс дегені. Египет этика императивінің негізінде – «бір бірінді есте сақтау», яғни әлеуметтік жүйені үзбеу үшін (сабақтастық) «Есінде сақта!» делінетін түсініктер жатыр. Әрине бұл өркениеттің тамырындағы бұрыннан бар құндылық, мемлекеттілікті нығайту, тұтас ұлт ретінде бой түзеуде тәжірибесі мол (жасы үлкен) өркениеттерден сабақ алу артық болмас еді. Өмірде жоқтарға құрмет көрсету, оның соңындағылардың есте сақтау мәдениетімен өлшенеді. Жалпы қазақ қоғамының дәстүрінде ол мәдениет жоқ емес. Бар. Десек те қазақ қоғамында шейіт жандарға құрмет көрсету мәдениеті тек діни бағытта орын алған. Марқұмды жыл сайын еске алу (ас беру), оған апта сайын жұмада жеті нан пісіріп құран оқыту, күнделікті ас қайырғанда құран бағыштау ж.б. дәстүрде берік орын алған. Бұл жылдар бойы жалғасын табуы мүмкін, сосын ұмытыла бастауы мүмкін. Міне дәл осы сияқты елімізде мысалы «ескі қорым» деген атаумен келе жатқан зират орындары бар. Мысалы Ащысай-Кентау тұрғындарының әлеуметтік-мәдени бірегейлігі тақырыбы бойынша орындалған жоба бойынша аймақтағы бірнеше тарихи орындардың ескерусіз жатқанына куә болдық. Сол ескі қорымдарда қай тарихи кезеңнің құрбандары мерт болғанын анықтау мүмкін емес. Өңірде алапат аштық та жүріп өтті, атақты Созақ батырларының қанқұйлы көтерілісі де жүріп өтті.

Сондай-ақ, Ащысайға кіреберіс кең алқапты жазықта ағылшын қорғасын зауыдының орны тұр. Ол жылдан-жылға ескіріп барады. Меніңше оған реставрация жасап, өңір оқушыларын сонда апарып, экскурсия жүргізу, өңірдің ерекше байлығына қызығып келген ХІХ ғасырдағы ағылшын кәсіпкерлерінің соңынан қалған із екенін айтып жеткізу орынды болар еді. Мұны жергілікті халық Тассарай деп атайды. 1929 ж. Созақ көтерілісі міне нақ осы төңіректе де жүрген. 400-ге жуық қазақ азаматтары жан тәсілім етті. Алайда, өкінішке орай батырлаға арналған естелік белгі көрінбейді.

Жобаның орындалу барысында өңірдегі этникалық бірегейліктің тамаша үлгісін көрсеткен польшалық әріптестеріміз отандық тарихнамаға зор үлес қосты. 1941-1945 жылдарда Ащысайға жер аударылып келген поляк азаматтарының балалары (қазір Польшада, қарт-ардагерлер) өз естеліктерімен бөлісіп, қазақ ауылдарындағы ауыр күнделікті өмірлері жөнінде құнды естелік-материалдарымен бөлісті⁴. Бүгінде олардың польшалық ұрпақтары сүйегі қазақ жерінде қалған ата бабаларының зиратына келіп тағзым етуді дәстүрге айналдырған⁵. Яғни осы жерде Польшаның көрнекті ақыны Адам Мицкевичтің «Если я забуду о них, ты, Боже на небе, забудь про меня!» марқұм адамдарға деген құрметтен туған ұлы сөзі еске оралады. Міне, олар ақынның бұл өнегелі сөзін мықтап ұстана білетінін дәлелдеп отыр. Сол сияқты Ащысай шахтасына 1945 жылдары әскери тұтқын ретінде жапон азаматтарының еңбегі тартылған болатын. Өңірде олардың да зираты бар. Оны жапон ғалымдары жыл сайын келіп, еске алуды жадтан шығармайды. Сондықтан

⁴ Польшалық әріптестермен байланыс 2015 жылдан бері орнатылған (жауапты: Мырзатаева З.). 500 беттен тұратын 20 естелік мәтіні «Айтылған тарих» ғылыми-зерттеу орталығының қорында сақтаулы.

⁵ Қараңыз: Поляк азаматы Тадеуш Иснаский өзінің анасы Ванда Исанскаяның (тұрмысқа дейінгі фамилиясы Ванда Глуховская) естелік материалымен бөлісті, кітап түрінде жарық көрді. Кітапқа пікірін Польшаның апталық газетіне жариялады. Tadeusz Isansky Evidence about forgotten exiles // New Week newspaper (Poland, Helm - Lublin), 2019, September 18. // Review of the book "Wanda Isanska. My years in the Kazakh steppe. (Memoirs of a special settler) / Edited by Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan M.Koigeldiyev. Almaty, 2019. <https://www.nowytdzien.pl/swiadectwo-zapomnianych-zeslancow/>

халық жадында тек «ескі қорымдар» деген атпен сақталып келе жатқан зираттарға ерекше назар аудару сауапты іс болар еді деп ойлаймыз.

Жұмысын осыдан 30 жыл бұрын тоқтатқан Ащысай комбинатының рудниктері - Мырғалымсай, Хантағы, Қарасай, Сүлейменсай, Байжансай ж.б. қазіргі таңда үлкен үнгір-шахта қалпында ашық жатыр. Бұл өңір тұрғындарының өміріне қауіп жоқ емес (ұлы газ шығатын терең шахталардан ағып жатқан суды халық пайдаланады, мал ішеді, штольнялардың аузы ашық). Совет Одағына, тіпті әлемге танылған қазба байлықтың ошағы ешкімге керексіз қалған. Оны қазіргі таңда естелік орнына айналдыру негізімен мұндағы кенші аталарымыздың қызметіне деген құрмет болу қажет сияқты. Мысалы, Британиядағы Оңтүстік Уэльс қаласындағы көмір шахтасы мен Корнуолл қаласындағы Гивор қалайы өндірген рудниктің ж.б осы сияқты орындары бүгінде өңір тұрғындарының тіпті, бүкіл Британ елінің мақтанышына - тамаша мұражай-ескертікші⁶ орнына айналған. Халықтың мәдени жадына серпіліс беретін мұндай өнегелі тәжірибелер мемлекеттік бірегейліктің нығая түсуіне ықпал етері сөзсіз.

Қорыта айтқанда тарихи жад саласындағы соңғы зерттеулер мен теориялар жеке индивидтер мен қоғам арасындағы бірегейлікті қалыптастыру жолдарын қарастыруда. Бұл тұрғыда әсіресе, тарих ғылымының әлеуметтік-гуманитарлық пәндер арасында алатын орны ерекше. Өйткені тарих ғылымы гуманитарлық білім саласында негізгі рөл атқарады. Яғни, тарих - моральдық және идеялық құндылықтарды қамтамасыз ететін бірден бір сала.

Алайда тарихи жадыны қалыптастыру процесі оңай шаруа емес. Қазіргі жастардың тарихи санасын қалыптастыруда мектептің рөлі басым, сол себепті тарих сабағының қызметінің сапалылығына назар аударған жөн. Тарихи жадты қалыптастыру қызметі жоғары оқу орындарында әрі қарай жалғасын табуы тиіс, сонда ғана студенттерде алдыңғы ұрпақ тәжірибесін түсіну және оны сақтау ынтасы артпақ.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. *Lynn Abrams Oral history theory. Second edition. Routledge; 2 издание (4 апреля 2016 г.), 252.*
2. *Халид Қ. Тауарих хамса. Ауд. Б. Төтенаев, А. Жолдасов. - Алматы: Қазақстан, 1992.- 304 б.*
3. *Классикалық зерттеулер: Көп томдық. – Алматы, «Әдебиет Әлемі», 2012. Т.9: XX ғасыр басындағы Алаш әдебиеттануы – 368 б.*
4. *Ассман Ян. Культурная память: Письмо, память о прошлом и политическая идентичность в высоких культурах древности / Пер.с нем. М.М. Сокольской. – М.: Язык славянской культуры, 2004. – 368 с. – (studia historica).*
5. *Менің ғылымдағы өмірім. (Ғалымдармен 22 сұхбат) Ғылыми-көпшілік басылым – / М.Қ. Қойгелдиевтің редакторлығымен. – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2014. – 504 б.; «Қазақстан қоғамының әлеуметтік тарихы (XX ғасыр. Тарих айту дәстүрі)». Ғылыми-зерттеу жинағы Алматы, / М.Қ. Қойгелдиевтің редакторлығымен. – Алматы: «Қаратау» баспасы, 2014. – 195;*
Ұжымдық еңбек. Құжатты фильм «АЛҒАШҚЫ Абай атындағы ҚазҰПУ-нің тарихы оны бітірушілердің естелігінде» Алматы, 2014 (30 минут).; Менің ғылымдағы өмірім. Қазақстанның ғылыми мектептері. Геология. Ұжымдық монография / М.Қ. Қойгелдиевтің редакторлығымен. – Алматы: Балауса баспасы, 2019. – 504 б.; Ащысай-Кентау тұрғындарының өміріндегі әлеуметтік-мәдени бірегейлік (1927 ж. – XXI ғ.б.). Естеліктер мен тарихи сұхбаттар жинағы / Құрастырушылар М.Қ. Қойгелдиев, Т. Исанский, З.Б. Мырзатаева/ М.Қ. Қойгелдиев редакторлығымен. – Алматы: Асаба баспасы, 2019 ж.б.
6. *Haibwachs Maurice Les cadres sociaux de la memoire/ Хальбвакс М. Социальные рамки памяти/ Пер.с фр. И вступ.статья С.Н. Зенкина. М.: Новое издательство, 2077 – 348 с.*
7. *Про А. Двенадцать уроков по истории. М., 2000. (Издание РГГУ; перевод с франц.: Antoine Prost. Douze leçons sur l'histoire. Paris, Éditions du Seuil, 1996).*
8. *Р.Дж. Коллингвуд. Идея истории автобиография, Москва 1980. 493 с.*
9. *Франция-память / П. Нора, М. Озуф, Ж. де Пюимеж, М. Винок. -СПб.: Изд-во С.-Петербур. ун-та, 1999, с. 17-50.*

⁶ *Tin Mining at Kenidjack Valley near Cape Cornwall - Cornish Mining History*
<https://www.youtube.com/watch?v=DUm99D5TeN0>